

ХАТТАМА

20 қараша 2025 жыл

Күршім ауылы

Отырысқа катысқандар :

аурухананың бас дәрігерінің орынбасары
Ж.Кадролдина, дәрігер-иммунолог
Н.Адрышева, учаскелік дәрігер Г.Керуенова
және учаскелік медбикелер, мектептердегі
медкабинеттің медбикелері – барлығы 25
адам.
заңгер Н.К.Журагатова

Қаралған мәселе : Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – әрекеттер туралы

Кәсіпорында өткізілген осы отырыста заңгер Н.К.Журагатова Қазақстан Республикасы Президентінің ағымдағы жылға Жолдауында мемлекет басшысының сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі екенін атап өткендігін, заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек дегендігіне тоқталғанына, Президент соңғы жылдары бірқатар маңызды қадам жасалғанына назар аударғанын, халық арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізуді күшейтуге шақырғанын, бүкіл қоғамды жемқорлықпен күресуге жұмылдыру қажет.

«Жемқорлық – індет, онымен күресу – міндет» қағидатын баршаның санасына сіңіру ортақ жұмыс болуға тиіс екендігіне тоқталғанын айтты.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық сипатындағы жағдай кезіндегі қызметкерлердің іс-қимыл алгоритміне, кәсіпорында осы бағытта қабылданған ішкі құжаттармен толық танысу қажеттігін көрсетті.

Қойылған сұрақтар болған жоқ.

Хатшы



Н.К.Журагатова